



Қазақстан Республикасының облыстары арасындағы су қатынастарын реттеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2023 жылғы 5 желтоқсандағы № 23 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 желтоқсанда № 33739 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 863 қаулысының 15-тармағының 79) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының облыстары арасындағы су қатынастарын реттеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Заң департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация министрі

Н. Нуржигитов

"КЕЛІСІЛДІ"

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрі
2023 жылғы 5 желтоқсандағы
№ 23
Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация

Қазақстан Республикасының облыстары арасындағы су қатынастарын реттеу қағидалары

1. Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 863 қаулысының 15-тармағының 79) тармақшасына сәйкес әзірленген және трансшекаралық суларды қоспағанда, су объектісінің бассейні екі немесе одан да кеп облыс аумағында орналасқан жағдайдағы Қазақстан Республикасының облыстары арасындағы су қатынастарын реттеу тәртібін айқындайды.

2. Республика облыстары арасындағы су қатынастарын реттеу мақсаты халықтың, облыстар экономикасы салаларының қазіргі және перспективалық қажеттерін қанағаттандыру әрі бассейндегі қоршаған ортаның экологиялық орнықтылығын сақтау үшін облыстар арасында жер беті су ресурстарын бөлу жөнінде шаралар қабылдау болып табылады.

3. Республика облыстары арасындағы су қатынастарын реттеуді су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) және оның бассейндік инспекциялары су ресурстары мен су шаруашылығы тенгерімдерін кешенді түрде пайдалану мен қорғаудың бекітілген басты және бассейндік схемалары негізінде облыстар бойынша су тұтыну лимиттерін белгілеу облыстық атқарушы органдардың ұсыныстарын ескере отырып, бассейндегі су ресурстарын ұтымды пайдалану әрі қорғау жөніндегі іс шаралар әзірлеу және оларды іске асыру жолымен жүзеге асырады.

4. Су объектілерін қалпына келтіру әрі қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру, су объектісінің бассейні шегінде орналасқан бассейндік инспекциялар, жергілікті атқарушы органдар мен басқа да субъектілер арасында бассейндегі су қорын пайдалану мен қорғау саласында туындаған проблемаларды шешу мақсатында оның шеңберінде бассейндік кеңес құрылатын бассейндік келісімдер жасалады.

5. Бассейндік келісімдерде проблемалық мәселелерді шешу және оларды орындау мерзімі көрсетіліп, нақты су қорғау іс-шараларын іске асыру үшін қажетті күштер мен құралдарды біріктіру жөніндегі тараптардың ниеті қамтылады.

6. Облыстық атқарушы органдар бассейндегі су қорын пайдалану мен қорғау саласында облысаралық маңызы бар проблемалық мәселелер туындаған кезде оларды тиісті бассейндік кеңестің қарауына енгізеді.

7. Бассейндік кеңес ұсынылған проблемалық мәселелерді қарап, су қатынастарын реттеу жөнінде ұсынымдар әзірлейді, олардың негізінде су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган және жергілікті атқарушы орган бассейннің су объектілерін дамыту, қалуына келтіру және қорғау жөнінде жыл сайын жоспарланатын

бағдарламаларда, ғылыми және жобалық әзірлемелерде туындаған мәселелерді шешу үшін іс-шаралар көздейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК